

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТ АЛДЫНА ЕЛІМІЗДІҢ ПОРТТАРЫН КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЖЕТЕКШІ ХАБТАРЫНЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫРА ОТЫРЫП, ТҮРЛЕНДІРУ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ ҚОЙЫП ОТЫР. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛУСЫ – БІЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫМЫЗ, СОЛ СЕБЕПТІ ОНЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚУАТТЫ ТРАНЗИТТІК, ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СЕРВИСТІК ӘЛЕУЕТІ ЗОР, ТЕК ОНЫ ДАМУЫ ҚАЖЕТ. СОНДЫҚТАН ОТАНДЫҚ ТЕҢІЗ КӨЛІГІ-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЛАСТЕРІН КЕҢЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ АСА МАҢЫЗДЫ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі



№83 (3013)
01/10/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

БАТЫС САПАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Өткен аптаны Батыс өңіріне арнаған ҚТЖ басшылығының сапары Ақтөбеде аяқталды. Алдымен Маңғыстау мен Атырау аймағын аралап, апта соңында Ақтөбеге аялдаған сала басшыларынан құралған топтың сапары жұма күні төрт тарапқа қызмет ететін Қандыағаш станциясынан басталды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ғасырдан аса тарихы бар кластан тыс сұрыптау станциясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев бастаған қонақтарды жергілікті бөлімше басшылары мен Ақтөбе облысы және Мұғалжар ауданы әкімдігінің өкілдері күтіп алып, Қандыағаш станциясындағы теміржол кәсіпорындарын аралады. Тоғыз жолдың торабындағы республикалық маңызы бар Қандыағаш станциясының қуаты мен мүмкіндіктері сөз болды. Қандыағаш станциясы автоматтандырылған басқару жүйесі бар, теміржол желісі

бойынша ірі сұрыптау станциясына жатады. Қазіргі таңда станцияда 7 бірдей маневрлік локомотив бар. Тек сұрыптау паркінде 3 маневрлік локомотив жұмыс жасайды. Сұрыптау дөңесінің өңдеу қабілеті 8 айда тоулігіне орта есеппен 2 400 вагонды құраған. Басқарма басшысы бастаған топ станцияны түгел аралап шығып, өндірісімен, технологиялық жақтандырылуымен танысып, оның жұмысына жоғары баға берді. Одан әрі облыс орталығы Ақтөбеге аттанған топ мұнда да бірнеше кәсіпорындардың жұмысымен, қысқа дайындығы, қауіпсіздік пен еңбек қорғау шараларымен танысып шықты.

Бірқатар ұсыныстар айтылды. Сала басшылары ерекше назар аударған нысан – «Лойыздар қозғалысын басқару орталығы» болды. Теміржолдың цифрлық трансформациясы саналатын орталық жұмысы бүгінде толық қуатында жұмыс істеп тұр. Мұнда Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау облысының диспетчерлері бір орталықтан бүкіл жол бойындағы қозғалысты қашықтықтан басқарып отыр. Орталық технологиялық дамуы мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалануға қол жеткізген. Оптикалық-талшықты байланыс желісі арқылы теміржол станцияларының құрылғыларын ұзақ қашықтықтан басқаруға

мүмкіндік мол. Ұлттық компанияның тиімді жобасы болып танылған осы орталықтың арқасында экономикалық тиімділік, бизнес-процестерді жетілдіру, компания қызметін цифрландыру мен автоматтандыруға қол жетіп отыр. Бөлімше басшыларының қатысуымен өткен жиында «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Батыс» филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев сізге айдағы жұмыс қорытындысын баяндады. Жалпы, Батыс өңірінің тиімді географиялық позицияға ие екеніне, көлім-логистика саласы үшін Таяу Шығыс пен Шығыс Еуропа елдеріне транзиттік ағынның байланыстырушы буыны болып табылатынына

ерекше тоқталып өтті. Өңір темір жолының пайдалану ұзындығы – 1833 км, оның шекарасында 115 бекет пен станция орналасқан. Бүгінде Ақтөбе ЖТ бөлімшесінде 4631 адам еңбек етеді. Бөлімшенің 8 айдағы жоспарды орындау көрсеткіші 100 пайызды құраған.

«Жүк тасымалдауды жетілдіру және жылжымалы құрамды қайта өңдеу кезінде сұрыптау жүйелерінің жұмысын жеңілдету мақсатында филиалда барлық номенклатуралардың жүктерін маршруттау бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі күні маршруттық жөнелтулер жалпы тиеудің 70 пайызын құрайды», – деді Бөріхан Беркімбаев.

Басқарманың мәжіліс залына өткен салтанатты жиынға жүздеген адам қатысып, алыс-жақын станциялардан арнайы шақырылған теміржолшылар келді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ төрағасы Нұрлан Сауранбаев ардагерлер мен өңірде еңбек етіп жүрген жолшы, күзетші, пойыз құрастырушы секілді қарапайым еңбек адамдары мен саланың дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерді «Қазақстан темір жолына 120 жыл» мерейтойлық медальмен марапаттады.

«Бұл мерейтой – бүкіл өмірім осы салаға арнаған аға-апаларымыздың, ардақты ардагерлеріміздің, бүгінгі күні аға буынның еңбек жолын табысты жалғастырып жатқан теміржолшылардың мерейі. Көрсеткіштеріміз өсіп жатыр, жаңа локомотивтер мен вагондар сатып алдық. Ірі жобалар іске асуда. Біздің жолымыз – темір, ал адамдарымыз – алтын», – деді сөз соңында кең таралған қанатты сөзге тоқталған Басқарма басшысы.

КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Достық – Мойынты теміржол учаскесінде жүріп жатқан екінші жолдардың құрылысы кестеге сәйкес және кең ауқымда жүргізілуде. Қазір құрылыс учаскесінде 450-ден астам арнайы техника мен мыңға жуық адам жұмыс істеуде.

Жобаны іске асыру учаскенің өткізу қабілетін арттырып, қазақстандық өнімнің үздіксіз экспортын қамтамасыз етеді және елдің транзиттік әлеуетін дамытуға айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Жалпы ұзындығы 836 шақырым болатын екінші желіні төсеу үшін 7,2 млн текше метр жер төсемі төгіліп, 59 көпір мен 235 құбыр орнатылды. Бүгінгі таңда 575 км теміржол төселіп үлгерді.

Достық – Мойынты учаскесіндегі жұмыстарды аяқтау 2025 жылы жоспарланып отыр, бұл ретте жекелеген учаскелерді іске қосу кезең-кезеңмен жүргізілетін болады.

Екінші жолдардың құрылысына қарамастан, қазақстандық жүктердің Қытай бағытындағы экспорты ұлғаюда. Ағымдағы жылдың 8 айында Достық – Алашаңқай МАТП арқылы тасымалдау көлемі 20% өскен, яғни 9,1 млн тоннаны құрады. Жабық вагондарда ұнтақ өнімдерінің экспорты 3 есеге, қара металдар 171%, түсті металдар 9%, мұнай және мұнай өнімдері 43% артты.

Қазақстандық экспорттаушыларды қолдау мақсатында, жөндеу-құрылыс жұмыстарына қарамастан, ҚТЖ осы бағыт бойынша жүктерді тасымалдауға сұранысты барынша қанағаттандыруға тырысуда.

Ислам ТАЛҒАТ

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА



Обучение по вибродиагностике подшипников качения провели для работников ТОО «Қамқор Локомотив» на базе локомотиворемонтного депо в Астане.

Трехдневный курс по программе «Спектр-07 – Комплекс вибродиагностики подшипников качения» прошли 15 сотрудников из разных регионов Казахстана, включая Актөбе, Атырау, Сексеул, Тараз, Макат и Астану.

Программа обучения разработана и проведена специалистами АО «Технические системы и технологии» (Санкт-Петербург). Она включала теорию и практическую работу с вибродиагностическим комплексом «Спектр-07».

В рамках теоретических занятий работники ТОО «Қамқор Локомотив» изучили основы виброметрии: физический смысл виброизмерений, параметры и единицы измерения вибрации, а также нормы и стандарты по оценке виброактивности роторных механизмов. Кроме того, рассмотрели различные методы диагностирования, включая ОУВ СКЗ, анализ амплитудно-фазовых характеристик и спектр отгибающей высокочастотной вибрации.

Практическая работа с вибродиагностическим комплексом «Спектр-07» включала освоение программного обеспечения VibroMedia, составление и анализ базы данных, проведение внутриприборной диагностики и т. д.

– Участие в подобных программах способствует внедрению передовых технологий в повседневную практику и укрепляет лидерские позиции компании на рынке, – отметил руководитель Службы контроля качества ТОО «Қамқор Локомотив» Нурмахан Пулатов. – ТОО «Қамқор Локомотив» продолжает активно инвестировать в повышение квалификации сотрудников, что является важным элементом стратегии компании по обеспечению надежности и безопасности подвижного состава.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА, Астана

Форум

ШКОЛА БЕСКОРЫСТІЯ

Более 120 участников из разных регионов Казахстана собрал второй форум Школы корпоративного волонтерства в Астане. Это неравнодушные железнодорожники, для кого благие дела стали неотъемлемой частью жизни.

Любовь РОВБА,
Астана

Работники АО «НК «ҚТЖ» всегда готовы протянуть руку помощи тем, кто в ней нуждается. В компании успешно реализовано множество благотворительных проектов. Постоянно оказывается поддержка социально уязвимым слоям населения.

Для систематизации нарабатанного опыта по инициативе молодежного совета ҚТЖ была создана Школа корпоративного волонтерства. Она стала площадкой для обмена мнениями и выработки общих подходов к обучению волонтерству. Первое практическое занятие в школе прошло год назад.

– На второй форум в Астану приглашены ребята, которые в течение года организовывали и проводили волонтерские и благотворительные проекты, экоакции, обеспечили патронаж над социально уязвимыми слоями населения, а также проявили себя во время паводка, – подчеркнула главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова.



Приветствуя участников, генеральный директор Центра социального взаимодействия и коммуникации при АО «Самрук-Қазына» Елдос Умирзаков отметил, что АО «НК «ҚТЖ» как социально направленная компания уделяет особое внимание социальным вопросам и проводит большую работу по развитию корпоративного волонтерского движения. Он выразил благодарность активной молодежи компании, которая своим примером вдохновляет коллег бескорыстно совершать благие дела, и подчеркнул, что основная идеология волонтерского движения в группе компаний фонда – это воплощение в жизнь любой доброй инициативы.

– Прделанная вами работа по развитию корпоративного волонтерства имеет глубокий смысл. Это подготовка будущих руководителей, тех людей, которые будут болеть за железную дорогу и объединять остальных, – отметил, в свою очередь, главный инженер ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Марлен Кокрекбаев.

Слова признательности выразили также директор корпоративного фонда «Фонд социальных проектов» Ербол Кенгербаев и заместитель директора по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Ануар Амантаев.

Во время церемонии открытия восемь самых активных волонтеров из разных регионов страны были отмечены благодарствен-

ными письмами руководства компании.

Двухдневная программа форума включала выступления мотивационных спикеров в формате TED, обучение, командообразующие и кросс-функциональные мероприятия.

Так, волонтеры ҚТЖ лично познакомились с основателем казахстанского благотворительного фонда Asarume Асхатом Нурашевным, восхитились не только силой, но и отзывчивостью и широкой душой рекордсмена Книги Гиннеса Сергея Цириольникова, который в рамках своего социального проекта «100 аулы» проводит открытые тренировки с сельской молодежью в разных уголках страны.

Ребята поучаствовали в панельной дискуссии на тему «Волонтеры ҚТЖ и их истории», а также семинаре «Введение в волонтерство» и воркшопе «Развитие корпоративного волонтерства» от эксперта Национальной волонтерской сети Елены Амреевой. Итогом воркшопы стала защита командных проектов.

Активно проявили себя волонтеры в экологическом квесте «Чистые игры» и тимбилдинге Fun Play. А в завершение насыщенной программы продемонстрировали знания и логику в интеллектуальной игре «Теміржол білгірлері».

Участники поблагодарили организаторов мероприятия за полученные знания и вдохновение на новые благие дела.

Фото Александра ЖАБЧУКА

«**ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРИНЦИПА «НУЛЕВОЙ ТЕРПИМОСТИ» К ПРАВОНАРУШЕНИЯМ УСТАНОВЛЕНО ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЕ В ВАГОНАХ ПАСАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ, ВО ВСЕХ ВАГОНАХ-РЕСТОРАНАХ И ВАГОНАХ-БАРАХ. СИСТЕМАМИ ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ ОСНАЩЕНЫ ВОКЗАЛЫ, ОТНЕСЕННЫЕ К ОБЪЕКТАМ, УЯЗВИМЫМ В ТЕРРОРИСТИЧЕСКОМ ОТНОШЕНИИ**»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ӨТКЕНДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУДЫ ЕСКЕРТЕТІН

480

БЕЛГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛҒАЛЫ АҚТӨБЕ БӨЛІМШЕСІ АУМАҒЫНДАҒЫ СТАНЦИЯЛАРҒА

800

ВАГОН КӨМІР ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БҮГІНДЕ ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНА

146

МОБИЛЬДІ ФИМАРАТТАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН.

ПАРТНЕРСТВО БЕЗ ГРАНИЦ



В Волгограде состоялось XIV Заседание совместной рабочей группы по стратегическому сотрудничеству между АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД».

Участники мероприятия обсудили результаты двустороннего взаимодействия, а также наметили дальнейшие шаги по развитию направлений сотрудничества.

В частности, стороны рассмотрели вопросы синхронного развития межгосударственных стыковых пунктов пропуска грузов, привлечения дополнительных грузопотоков,

увеличения перевозок грузов по безбумажной технологии и организации работы локомотивных бригад и локомотивов на стыковых станциях.

Делегация железных дорог двух стран обсудила развитие международного коридора Север – Юг, цифровых решений для пассажирских перевозок.

На встрече было отмечено, что план мероприятий по реализации основных направлений стратегического сотрудничества между ҚТЖ и РЖД выполняется согласно установленным срокам.

– Сегодня мы договорились актуализировать совместный План мероприятий по повышению эффективности межгосударственных пунктов пропуска, запланировали провести работу по увеличению веса и составности передаваемых поездов, – сообщил первый заместитель генерального директора ОАО «РЖД» Сергей Павлов.

По итогам заседания подписан протокол. Стороны договорились следующее заседание рабочей группы по стратегическому сотрудничеству провести в Казахстане в 2025 году.

Айлин БАУРЖАН, Астана

СОҢҒЫ ҮЛГІДЕГІ ТИІМДІ ҚҰРЫЛҒЫ


Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан



ТЕХНОЛОГИЯ

Еліміздің локомотив пайдалану деполарында таспа тілін оқитын инженерлердің ДМР-Н модуль-флешкасы пайдаланыла бастағанына көп уақыт бола қоймады. Арнайы компьютерде қолданылатын бұл құрылғы технологиялық тұрғыдан жетілдірілген соңғы үлгідегі нұсқа болып табылады.

Түркістан локомотив пайдалану депосы таспа бөлімінің жетекшісі Маржан Әнуарқызы заманауи құрылғы осы күні қолданыстағы қағаз таспа мен кассеталық таспамен қатар пайдаланылатынын айтады. Оның артықшылығы сол, таспадағы деректер электронды үлгіде тасымалданады.



Талап бойынша модуль-флешканы тиісті құжаттарымен бірге сапарға алып шыққан машинист, оны локомотивтегі арнайы аппаратқа орнатқаннан кейін ғана қозғалысты бастауы тиіс. Өйткені жылжымалы құрамның жүріп-тұрғанына қатысты деректерді осы модуль-флешка тіркейді. Ал кенесеге қызметкер ақпаратты ДМР-Н құрылғысының көмегімен арнайы компьютерге өткізіп, инженерлер тарапынан қозғалыстың қалай болғаны мүжіят тексеріледі.

– Осы электронды үлгі санатындағы модуль-флешка ұсынатын ақпараттардың элементтері мейлінше жетілдірілген. Әсіресе машинист қырағылығына қатысты деректердің барлығы да компьютер экранында түрлі-түсті сызықтармен айқын көрініс береді, – дейді модуль-флешканы оқу маманы Гүлнұр Құлымбетова.

Мәселен, қағаз таспа үлгісінде машинистің белгі беру түймесін басқан-баспағаны анық көрініп тұрмағандықтан, ондағы сызықты инженерлер шаблонға салып, өлшеу арқылы анықтайды. Ал жаңа жүйеде оның бәрі нақты көрінеді. Тіпті сигнал түймесін қанша уақыт басып тұрған ұзақтығына дейін экранда шығады екен.

Сонымен қатар мұнда машинистің қырағылық деңгейін көрсететін бөлек сызық болады. Негізінен пойыз әр станцияға кіре алдында дабыл қағылуы тиіс. Бұл – бұлжытпай орындалатын талап. Себебі машинистің дабыл түймесін басқанына қарап, оның ұйқылы-ою немесе серке жүргенін байқауға болады. Ал дабыл соғылған сәттегі қара сызықтың көрсеткіші жоғары-төмен иректеле түседі. Ол кезде кабинада басқа қонқырау белгісі берілмейді. Нәтижесінде бірсыдырғы бейнеленген сызыққа қарап, машинистің қырағылығы бағаланады. Ал машинистің кемшілігі анықталған жағдайда тиісті деңгейде шара қолданылады. Себебі ондай қателікке бой алдырудың соңы үлкен қауіп-қатер тудыруы мүмкін.

Қысқасы, машинистің жол сапары, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауы, тапсырма дұрыс не бұрыс орындалғанын айна-қатесіз жазып алатын модуль-флешка машинист өрекетін бағалайтын заманауи тиімді құрылғы болып отыр.

Суретті түсірген автор

КӨПТІҢ КӨҢЛІНЕН ШЫҚТЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ЖОБА

ҚТЖ компаниясының волонтерлікті дамыту бойынша осымен екінші рет ұйымдастырып отырған сайысында өз жобасымен кеткен маңғыстаулық жастар жеңіске жетті.



Астана қаласында өткен корпоративтік еріктілер мектебі еліміздің әр аймағынан келген командаларды қарсы алды. Аталған сайыстың мақсаты аймақтардағы волонтерлікті дамытуды көздейді. Еріктілер сапында тұрып, қайырымды, қоғамға қажетті игі іс-шараларды атқаруына үндетін бұл жоба бойынша өңірлерден барған командалар өз ұсыныстарын қорғайды. Маңғыстаулық жас теміржолшылар жолаушылар көлігінен шыққан қоқыстарды қайта көдеге жарату жобасын ұсынған. Жоба ұйымдастырушылар көңілінен шығып, жүлделі орынға ие болған.

– Қазіргі күнде волонтерлік әлемнің барлық жерінде жылдам дамып, соның нәтижесінде түрлі топтағы адамдар, қоғамдағы көп мәселелер шешімін тауып жатыр. Ұлттық компания да бұл мәселеге көңіл бөліп, түрлі бастамаларды қолға алуда. Өйткені әр аймақтың өзінің проблемасы болады. Соның бірі немесе бірнешеуі еріктілер арқылы шешімін тапса жаман ба?! Біз бұл сайысқа жолаушылар пойызынан шыққан қоқыстарды сұрыптау пунктін ашу және оны өңдеуге жіберу жобасын жасаған едік. Себебі бұл мәселенің болуы табиғи жағдай, оны керісінше қажетті дүниеге айналдыру жобамыздағы басты міндет болды. Жұмыссыз комиссия мүшелерінің көңілінен шықты. 12 команда ішінен бас жүлдені алдық, – деді түбек теміржолшы жастарының өкілі, Маңғыстау вагон депосының вагон қараушысы Қуатбек Көпбаев. Айтуынша, енді демеушілер табыла, жобаны жүзеге асыруға білек сыбана кіріспек.

МҮНАЙЛЫ АСТАНА ТӨРІНДЕ



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Алдымен Жылыой ауданына қарасты Құлсары қаласына келген олар Атырау магистральдық желі бөлімшесінің жергілікті кәсіпорындарына барып, Құлсары бөлімшесі және байланыс дистанциясы мен Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының Құлсары электрлік торабының өндірістік объектілерін аралады. Дистанциялардың жұмысымен, қызмет көрсету аясындағы құрал-жабдықтар мен техникалардың жағдайымен, олардың саланы байланыс және электрмен қамту әлеуетімен, жаңа технологияларды қолдану мүмкіндіктерімен танысты. ӨЧ-4 аудандық жетекшісі Еркін Нағиев қартадан қызмет көрсету аясындағы құрылғылардың жай-күйі, тоқпен қамтамасыз ету, бағдарламалар, автоматтандырылған бағыттамалы бұрмалар, т.б. жұмыс процесін көрсетіп, жан-жақты баяндады. ШЧ-11 бойынша да КТСМ, СОБ, ЭЦ посттарының жұмысы, байланыс сапасы сараланды.

Одан әрі Атырауға жол тартқан қонақтар вагон және локомотив шаруашылықтарының негізгі



объектілерін қарап шықты: Атырау – Ганюшкино, Атырау – Мақат, Атырау – Құлсары, Ганюшкино – Ақсарай, Атырау – Сағыз учаскелеріне қызмет көрсететін Атырау локомотив пайдалану депосында 120-дан астам машинист және 80-нен астам машинист көмекшісі жұмыс істейді. Жүк және жолаушылар пойыздарына техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін Атырау вагон пайдалану депосы да вагондарды уақыттылы жөндеп, жүк тасымалын жылжымалы құраммен қамтамасыз етуге үлкен үлес қосып отыр.

Түстен кейін Атырау қаласындағы Абай орталығында өткен жиынға ҚТЖ басшылығы мен Атырау жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшесіне қарасты барлық мекеме және станция басшылары, «Кедентранссервис», «Әскерилендірілген теміржол күзеті», «Қазтранссервис», «Теміржолсу», «Жолаушылар тасымалы» АҚ филиалы саяси серіктес кәсіпорын өкілдері түгел қатысты. Жиында жалпы өңірдегі темір жолдың жай-күйі, жергілікті мекемелер жұмысына

қатысты мәселелер қаралып, қысқа дайындық барысы пысықталды. Ұсыныстар тыңдалып, негізгі көрсеткіштер сарапта салынды. Қозғалыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанудың алдын алу мәселелері де талқыланды.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев, Бас ревизор Жәнібек Көбеев, Магистральдық желі бөлімшесі басшысының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденов өз жұмыстары бойынша жалпы ахуалды баяндады. Жалпы, өңір темір жолының пайдалану ұзындығы 656,9 шақырымды құрайды, учаскелері дизельдік тартқышпен бір жолды, қолданыстағы сигнал беру және байланыс құралдары екі жақты автоматты блоктандырылған.



Жантерек – Кенбай аралығында соңғы шақырымдар төселіп жатыр. Өрине, жалақы мен қаржылық жағдайдың тұрақтылығы – ең өзекті мәселенің бірі. Бөлімшеде басқа өндірістік орындармен салыстырғандағы жетекші мамандардың орташа айлық жалақысы артқан. Мәселен, бөлімше бойынша жүк кассирінің орташа жалақысы 459 мың 440 теңге құрайды. Бұл өңірдегі «Болат Жол» ЖШС мекемесімен салыстырғанда (370 000 теңге) 24% жоғары, ал «РТИ АНПЗ» мекемесімен салыстырғанда (448 988 теңге) 2% жоғары. Пойыз құрастырушының орташа жалақысы 531 мың 192 теңге. Бұл да аталған кәсіпорындардағы көрсеткіштен жоғары. Жалпы, 2021 жылдан бастап жыл сайын қызметкерлердің жалақысын көтеру бойынша жоспарлы іс-шаралар жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Компания бойынша өндірістік персонал қызметкерлерінің жалақы деңгейі 2020



Ағымдағы жылдың 8 айында 8 пайдалану көрсеткішінің 7-і орындалған. Бөлімше бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзу салдарынан 5 жағдай, 1 оқиға, 4 оқиға оқиға тіркелген. Әрбір жағдай бойынша жедел талдау жүргізіліп, кінәлі қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылған. Дегенмен, бөлімшеде өндірістік жарақаттануға жол берілмеген. Жол сапасын жақсарту бағытында биылғы жылы жолды күрделі жөндеу жоспары 59,6 шақырым болса, бүгінгі күнге дейін оның 85% орындалған. Қазірде

жылмен салыстырғанда бүгінгі таңда өсім 88% құрады.

Жиын барысында Нұрлан Сауранбаев жауапты басшылардан өз салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар бойынша сұрап, жағдайға қанықты. Оның ішінде салынып жатқан құрылыс, күрделі жөндеу бойынша жол сапасы, мұнай тасымалы, вокзалдардың жағдайы, жаңа технологиялардың қолданысы, т.б. сөз болды.

Магистральдық желі бөлімшесі бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары Аманқос Жылқыбаев



қазіргі салынып жатқан жолдардың сапасы қанағаттанарлық деңгейде, балдық көрсеткіш бойынша 45 балды құрайтынын жеткізді. Құлсары станциясындағы мұнай тасымалының көлеміне қатысты бөлімше бастығының орынбасары Бекәділ Сауров өңірде мұнай тасымалының көлемі жақсы, жүк тасымалының басым бөлігі осы мұнай өнімдері тасымалы арқылы орындалып отырғанын алға тартты. Құлсары вокзалы бойынша оны бұзып, жаңа вокзалға көшу мәселесін қарастыру, вокзалдарды сапалы жөндеу де сөз болды. Сондай-ақ АСУ, маршруттизатор саласындағы жұмыстар, темір жолға қатысты басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Атырау бөлімшесінің еңбек ұжымдарымен кездесуде Нұрлан Сауранбаев теміржолшыларға саланың дамуы жолындағы еселі еңбектері үшін айтып, Сонымен қатар қырыққа жуық сала еңбеккерлері мен ардагерлерді Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай құрмет грамотасы мен мерейтойлық медальмен марапаттады.

ҚТЖ басшысы Атырау облысының әкімі Серік Шапкеновпен де кездесіп, Атырау вагон жасау зауытына барды. Алғашқы жүк вагондарын осы жылдың шілдесінде шығарған зауыттың өндірістік алаңы 17 мың шаршы метрді құрайды. Жылына 6-7 мыңға дейін жүк вагондары мен цистерналар шығаруды жоспарлап отыр. Ал 2027 жылға қарай алаң көлемін 62 мың шаршы метрге дейін ұлғайту жоспары бар. Кәсіпорында әртүрлі бейіндегі мамандар үшін 3000 астам жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

Атырауға сапарын өрі қарай Мақат станциясында жалғастырып басшылық мұнда да желілік кәсіпорындар жұмысымен танысып, инфрақұрылымды қарап шықты. Салаға қатысты әртүрлі мәселелер сөз болып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Мақат станциясы – аймақ темір жолының жүрегі саналатын Атырау бөлімшесінің ірі тораптық станциясы.

Суреттерді түсірген Олжас АХМЕТОВ

ЖҮК АЙНАЛЫМЫН ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС РЕТТЕЙДІ



ТАСЫМАЛ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Логистика саласында ұзақ жылдық еңбек өтілі бар құрметті теміржолшы Болат Өтегенов басқаратын кластан тыс станция бойынша жүк айналымының артуына байланысты бірқатар тың шаралар қабылданған. Соның ішінде әсіресе станция басында құрастырылатын контейнерлік пойыздарға басымдық берілуде.

Мәселен, өткен тамыз айында мұнда жалпы салмағы 39 692 тонна болатын 619 вагон құрастырылып, жолға шығарылып. Оның ішінде жекелей тоқталсақ, 372 контейнерден тұратын бес контейнерлік жылжымалы құрамдар бар. Контейнерлік пойыздарды жөнелтудегі негізгі бағыт – көршілес Қытай елі.

Десек те, жүк түсіру жұмыстары бұрынғыша көш басында тұр. Өткен бір ай ішінде станциядан 1069 вагон жүк түсірілген.


– Мұның барлығы – орта есеппен алғандағы көрсеткіштер. Станцияның әлеуеті зор, бір мезгілде бұдан да жоғары көлемдегі жүк

айналымын жүргізе алады. Оған барлық мүмкіндік қарастырылған, – дейді станция бастығының логистика бойынша орынбасары Болатбек Ешмуратов.

Кейде бір ауысымда жалпы саны 70-80 вагоннан аса жүк тиеп, 40-50 вагон жүк түсіретін кездер де болады. Бұл әсіресе тасымал қарқыны артқан күзгі мезгілге тән жайт. Мәселен, қазіргі уақытта астық тасымалы күрт қарқын алған. Сол тәрізді «Семей силикат» зауыты өнімдерінің де үлес салмағы артауда. Ал түсірілетін жүк арасында Шығыс Еуропадан, Беларусь елінен жеткізілетін жиһаздар көп.

Мұнымен қатар автокөлік қатынасы қиындайтын қысқы мезгілде азық-түлік, тіпті кондитерлік өнімдер мен сусындар да жылжымалы құраммен тасымалданады.

Сейкесінше соңғы уақыттарда техникалық контордағы жүк тасымалы құжаттарын өңдеу ісі қарқын алған. Сол тәрізді жүк цехындағы 21 қызметкер де уақытпен жарысып еңбек етуде. Өндірістік өнімділікті арттыру барысында АСУ бағдарламасымен іс жүргізуді қоса алғанда хаттамалық құжат-



тама жұмыстар да аса маңызды саналады. Станциядағы аға жүк қабылдап-тапсырушы Данагүл Өтеленованың жетекшілігімен ауысым бойынша атқарылатын іс-шаралар күнделікті өтетін лездемелік жиындар барысында толықтай пысықталып отырады. Жүк айналымын тұрақты жүргізуде құжаттарды өңдеу мен рәсімдеу ісінің де маңызы аса зор. Сол тәрізді жоспарлы шараларды орындауда да станциядағы жүк қабылдап-тапсырушылар мен тауар кассаларындағы жүк цехында қызмет ететін қыз-келіншектердің еңбектері орасан екендігін айта кеткен жөн. Бұл ретте әр айға жеке жоспар жасалып, көзделген меже аясында нақты іс-шаралар қолға алынады. Жүк тиеу мен түсіру ісіндегі әр күнгі көрсеткіш, клиенттерден түсетін тапсырыстар көлемі әртүрлі болғанымен, тораптық Семей станциясының теміржолшылары үшін мақсат пен міндет ортақ. Ол – белгіленген үдеден шыға білу.

Суретті түсірген автор

Подготовка к зиме

ГАРАНТИРОВАТЬ НАДЕЖНОСТЬ

В Алматинском отделении магистральной сети готовятся к зимнему сезону. Особое внимание уделяется проверке и подготовке железнодорожной инфраструктуры, подвижного состава и оборудования для работы в условиях низких температур.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Профилактические работы ведутся на всех ключевых участках сети, работники проходят дополнительные инструктажи по вопросам безопасности и оперативного реагирования на возможные нештатные ситуации.

– Регион должен быть готов к любым вызовам в зимний период. Поэтому ведется комплексная подготовка всех элементов инфраструктуры, – отметил главный инженер Алматинского отделения магистральной сети Сандибек Аманбаев.

Производится тщательный осмотр участков, станционных путей, стрелочных переводов, искусственных сооружений и зданий. На данный момент подготовка зданий выполнена на 87%. Силами ТОО «Теміржолсу-Алматы» в

пяти зданиях ведется ремонт, который завершится к концу октября текущего года. Особое внимание уделено содержанию путей и междупутья. Проводится работа по обеспечению оптимальных условий труда и отдыха, личной безопасности работников дистанций пути. В настоящее время закан-



В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ЗАКАНЧИВАЕТСЯ ПРОВЕРКА ГОТОВНОСТИ ВОДОПРОВОДОВ, ТЕПЛОТРАСС И КОТЕЛЬНЫХ К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ. ОБЕСПЕЧЕНИЕ УГЛЕМ СОСТАВИЛО НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ 98%.

чивается проверка готовности водопроводов, теплотрасс и котельных к отопительному сезону. Обеспечение углем составило на сегодняшний день 98%.

На 93% выполнен текущий ремонт снего-



